

М. Н. БАРАТОВА

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ ДӘСТҮР

Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабының соңғы жағында «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі енгізілгені белгілі. Бұл тегін емес. Мұсылмандық шығыс әдебиетінде ізгі жолға кереғар ұғымдарды жинақтап бейнелеу үшін «соқыр», «саңырау», «жалаңаш» ұғымдары ежелден сөз болып келе жатқаны анық. Бірер мысал келтірейік:

Не білер қадіріңізді әрбір надан,
Гауһар қадірін соқыр білмес, ей, жаным.
(1353 ж. Хорезми) [1].

Жалаң тудым анадан, кірем жерге жалаңаш,
Көңілім күпті жарадар, оныма ажал қарамас.
(1069–1070 жж. Жүсіп Баласағұн) [2].

Мәшһүр-Жүсіп те «соқыр» ұғымын көп кеңейтіп, көзге көрінерлік белгілі бір құбылыс, затты көрмеу емес онан анағұрлым кең білімсіздік зиянын, ізгілікті көре алмауды т.с.с ашу үшін қолданып отырған:

1. Көз – соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін!

2. Күнелттім бір үй толған соқыр бағып,
Оған мен жаранамын қалай жағып?!
Түрінің қандай екенін қайдан білсін,
Самаладай қойсаң да мың шам жағып.

3. Елуден жасым асты, өзім – бала,
Соқыр мен саңырауға болдым дана.

4. Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр» – деп, салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.

5. Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?!
Танысын: қарға, бұлбұл – қайсысы оңды,
Жамандар – білмей жүрген өз қадірін [3].

Міне, осындағы алғашқы үзіндіде «біз» делінгенде, сол кезеңдегі адамдар білімсіздігі, ақ пен қараны айыра алмауы сөз болса, екіншіде, лирикалық қаһарман өзін бөліп алып, «бір үй толған соқыр бағып» күнелткенін айтады да, «самаладай қойсаң да мың шам жағып» олардың көрмейтінін ашады. Үшіншіде, «соқыр мен саңырауға» дана болудың күйкілігі байқалса, төртіншіде «өз басына», «керек істі» көрмеушіні

«соқыр» деп бағалау мәні өрнектелген. Ал, соңғыда соқырлардың басқа түгіл «көз қадірін» білмейтіндігіне көңіл бөлінген. Мұның бәрі сол кезеңде етек алған надандықты ақынның «соқыр» сөзі көмегімен беруін танытса, қажет атаулыны естімеу де білімсіздіктен туатыны «саңырау» сөзі арқылы жинақталып берілген:

1. Айтқан сөзім құлақтан кетеді ағып,
Құлақ қайда мақтанар гауһар тағып,
Құлағы тарс бекіген саңырауларға
Шаршама сылдыр-сылдыр қоңырау тағып.

2. Өзінде өшің болса, саңырауға ұрын,
Ұрынбасан, білмейсің оның сырын.
Сыбырлап жасырып айтқан құпия сөзді,
Естиді құлақтыңдан өбден бұрын.

3. Бізді Құдай бар қылып, қойды жоқтан,
Құтылмаймыз – тура атқан қалақ оқтан!
Жамандыққа келгенде, білгіш-ақпыз,
Құлақ саңырау, көз соқыр – жақсылықтан.

4. Көп саңырауға душар боп, қор болдың ғой,
Есіл сөзім әр топта құлақ жарған!

Алғашқыда: «Құлағы тарс бекіген саңырауларға» сөз айту орынсыздығы шаң берсе, екіншіде саңырау өзгешелігі – орташа, қатты айтқанды естімей, керісінше «сыбырлап» айтқанды алдымен естуі бөліп көрсетілген. Ал, соңғы мысалдарда тағы да естімеушілерге сөз айту орынсыздығын дәйектеу жүзеге асқан. «Соқыр» трагедиясы, негізінен алғанда, көрмегенді – көрдім, ал саңырау қатесі естімегенін естідім деуге арналса, «жалаңаш» ағаттығы да өзіндегі жоқты елемей, содан айырылуда екенін Мәшһүр-Жүсіп шебер көрсете білген:

1. Кем-кетік, жоқ-жітікке қайырылысып,
Аш тойынып, жалаңаш киім кісе!

2. Тон болған тондырмайтын жалаңашқа,
Ас болған таусылмайтын қарны ашқа.
Арымас ат, жаяуға көлік болып,
Әр мұңлыға ем болған басқа-басқа!

3. Жалаңаш киімі жоқ енді бірі,
Ашылып көрініп тұр ұят жері.
Етегі сүйретіліп келе жатыр,
Жаға-жең жоқ болса да, ол өңірі.

4. Бірталайға санасаң келді жасың,
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың?!

«Ұзын-деумен — етегім!» — өтті өмірін,
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың?

5. Аспанға қанатсыз-ақ үшқың келсе,
Дүниеден өлмей тұрып — жалаңаштан! [4].

Зерделесек, алғашқыда неғұрлым кедей адамдарды, яғни киер киімі жоқ дерлік «жалаңаш» жандарды киіндіру, демек оған көмек беру сөз болса, екіншіде де тоны жоққа тон бергендей, кедейге қарайласқан адам қайырымы әспеттелген. Үшіншідегі жалаңаш өрі тура мағынада «жалаңаш» екені ашылса, соның өзінің кейін киімінің етегін жұрт кесіп алуынан, алдымен қашуы-оның өзінің «жалаңаш» екендігін сезінбеуі дәлелі ретінде берілген. Ал, төртіншіде, егде тартқан адамның өзінің азды бар деп санап, «жалаңаш» екенін сезінбеуі сыналса, соңғыда өлмей тұрып, жалаңаштану, яғни «жалаңаш» екен сезіну мәселесі көтерілген. Мұның бәрі шығыс әдебиеті дәстүрін берік ұстаған Мәшһүр-Жүсіптің көз соқырлығын, құлақ саңыраулығын, тән жалаңаштығын емес, зерденің соқырлығын, саңыраулығын, жалаңаш екенін әсерлі өрнектеу жемісі деп білеміз.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қиындық атаулыны бейнелегенде де, мұсылмандық шығыс әдебиетінде кең орын алған дағдылы баламаларды өрістетіп, түспалдау мен жинақтаудың не бір асыл үлгілерін туғызған. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабында:

Алпысты ассаң — шілденің аптабынан,

Аттадым де қысқы аяз қақпанына [5] — деп, «аяз» баламасын көрілік қиындықтың жинақтық бейнесі ретінде алып бейнелеу үлгісін көрсетсе, Мәшһүр-Жүсіп осы іспетті өрнекті, яғни «қыс» сөзі мағынасын көп кеңейтіп, дамытып пайдаланған:

1. Дүниенің қарамадым көп-азына,
Ескеріп көз алмадым қыс-жазына.
Шимайды жындылықпен сала бердім,
Шимайлы шайдың қалған қағазына.

2. Қонақ десе, үрпиеді байлар шошып,
Талай қонақ қона алмай жүрген жосып.
Күн бұрыннан қуырылып, пейілі кетіп,
Барады екен арқасын аяз қысып.

3. Екі қыс арқасынан бірден қысып,
Шабынсыз, дөңге салған, қарасы бар,
Түйеге нөкта қалай бұйрық болды,
Қазақтың кісі алатын бурасы бар.

4. Бү заманда көп қалды-аз орнында,
Қырық күн шілде, қыс қалды, жаз орнында.

Қоразының тауықтың қызылы бар,
Әркімдердің басында төж орнында.

5. Бірікпес, басын қосып, жез бенен мыс,
Жақсы — жаз, жаман адам — зымыстан қыс.

6. Мал жиып, бай болайын демегеннен,
Өмірімде көрмей өттім қыс пен жұтты.

7. Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын бізлерге айтып [6].

Сараласақ, алғашқыда ақынның «дүниенің ... көп-азына» қарамауы оның «қыс-жазына» көз салмауымен байланысты өрбісе, біраз бай адамдардың «арқасын аяз қысып» өмір сүруін діттеуде де «аяз» баламасы адам пейілінің сол секілді суып кеткеніне үңілтуге қызмет етіп тұр. Үшіншідегі арқадан қысқан «екі қыс» ұғымы патшалық Ресейдің екі бірдей қысымды қатар әкелгенін жинақтау үшін сәтті келтірілген, төртіншіде де жақсылық азайып, жамандық көбеюіне үңілту үшін де «қыс» сөзі шебер қолданылса, соңғы мысалдарда сөз мағынасын кеңейтудің осы үрдісі сақталған.

«Қыс», «аяз» баламалары ғана емес, «жел», «дауыл», «боран», «тау», «бел», «белес», «тор», «тұзақ», «су», «от», «өрт» тәрізді сөз өрнектерін игеру барысында да Мәшһүр-Жүсіп аталған сөздер мағынасын көп кеңейтіп, оның жинақтаушылық, нышандық (символдық) салмағын арттыру үлгісін көрсетті. Мұсылмандық шығыс әдебиетінде «желдей» сөзін, яғни теңеу баламасын адам ғұмырының өткінші екеніне, демек соны ескеру керектігіне бағындырыла жұмсалғанын дәлелдеу үшін бірер мысал келтірейік:

Арзан біткен дүниеде жоқ болады,
Тек халықтың асылы сақталады.
Желдей зулап тіршілік өте шығар,
Бір кеткен соң қайырылып тоқтау көні?!
(1069—1070 жж. Жүсіп Баласағұн) [7].

Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені деме,
Сират көпірі тұрар, кісі малын жеме.
Ел-жұрт, туыс ешқайсысы болмас жолдас,
Мәрт болғайсың: ғұмырың желдей өтер ғарыб бас.
(XIII ғ. Қожа Ахмет Иассауи) [8].

Фани күндер желдей өтіп кетер,
Жаһанда қалса [еді] бізден сыйлық.
(1353 ж. Хорезми) [9].

Бұл дәстүрді XIX ғасырдағы Сақау Мәукеұлы: «Қаһарман Рүстем мен Ер Ғалының // Басынан осы жалған желдей өткен» — [10] деп, жалғастырса, күрескер ақын Махамбет Өтемісұлы желдің ұлғайған түрі дауылды бөліп алып, оны

қайсарлық, мықтылық белгісі ретінде өрнектенген екен:

Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе, жапырар,
Үдей соққан дауылдай,
Жамандарға қарасан
Малын көрер жанындай [11].

Мәшһүр-Жүсіпте әрі өзіне дейінгі игі дәстүрмен үндестік, әрі өзіндік өрнек үстелуі қатар өрістеген:

1. Жел қатайды, енсе бір көтерілді,
Файыптан бір қыз келіп, беттен сүйді.
2. Қолына қағаз, қалам алған шақта,
Кетеді қара сөзге желдей есіп.
3. Қызыл тіл сөйлеуші еді желдей есіп,
Жастықта жүрген күнде көңіл өсіп.
4. Ажалдай еріксіз айдап, ұшырып жел,
Шегініп ешбір мойын қала алмаған.
Мақал бар: «Аз сөз — алтын, көп сөз — көмір»,
Мұны[мен] сөз аяғын тамамдаған». [12].

Басқа да халықтар әдебиеті тәрізді қазақ әдебиетінде «тау», «бел» сөздері — әрі адамдар алуға тиісті биіктік өлшемі, сонымен бірге біраз ретте алдағы бөгет осал еместігі белгісі ретінде алынып келгені мәлім. Қазақ тілін зерттеуші көрнекті маман Бақытжан Хасанов «бел» сөзінің қолданылу өрісін ашарлық біраз мысалдарға көңіл бөлген екен: «Бел» — «қырқа», «төбе» мағынасында қолданылады:

Қылт етті де жөнелді, белден асып,
Қарбаң-құрбаң етті де қалды сасып.

Осы мәнде мынадай метафоралық тіркес жасалған:

Жегімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің
(XVIII-XIX ғғ.)

«Бел» сөзінің таяныш мағынасы (метафораланып) жасалған:

Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің
(Жамбыл) [13].

Осы орайда өзіміз жинаған мына үзінділерге де көңіл бөлгіміз келеді.

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан торғай шырлап ұшып қона алмас
(Шалқиіз Тіленшіұлы XVI ғ.) [14].
Қары қалың қайырсыз бел болдың ба,
Асқар тауым айдынды ел панасы.
(Жанәк Сағындықұлы. XIX ғ.)

Атыңды алтын таудай айқындармын,
Шамасы қызыл тілдің келгенінше.

(Сақау Мәукеұлы)

Токпақ жалды Торайғыр — батыр ерім,
Ақылдың асқар тауы кемеңгерім

(Сақау Мәукеұлы)

Ұсынса қол жетпейтін асқар белім,
Өлімнен қарсы келген қайтпас серім.

(Орынбай Байқожаұлы)

Асқар таудай айбатың,
Алдында үлкен санатың,
Беттегі қалқан болатың,
... Басшы боп тұрған алдында
Ағаң өлмес болсайшы.

(Майлықожа Сұлтанқожаұлы).

Талабым төңір берген таудан үлкен,
Алмаса өз бақытын қайтып құдай.

(Кемпірбай Бөгембайұлы XIX ғ.) [15].

Мәшһүр-Жүсіп заманында Ресей патшасының отарлау қысымы өсе түсуі ақынның осы баламаны көбінесе қиындық, қысым, бөгет деңгейін көрсету үшін қолдануын негіздеді:

1. Доптай басым арқалап таудай жүкті,
Апарамын көтеріп от пен суға.

2. — Ауыр ғой бұл аманат Қап тауынан,
Шыр айналған Жер мен Көк жақтауынан.
«Аманат» деген аты ауыр екен,
Қарсылық емес, қорықтық сақтауынан.

3. Олардың таудан үлкен сауаптары,
Айтуға таусылмайды жауаптары.
Махшарда көп халықтар жиналғанда,
Фазылымен кіргізеді біздерге оны.

4. Тіл алсан, қол қысқартып, тіл ұзартпа,
Ауыр жүк асқар таудай мойныңа артпа!
Дұшпан біліп қоймасын сырды десен,
Жан күйер досыңа да сырынды айтпа!

5. Бара жатыр айтылмай тау іс қалып,
Сөз аяғын ұзартпай, тауыспалық!
Иненің жасуындай қасиет жоқ,
Өзін-өзі көтеріп топқа салып [16].

Алғашқы мысалда күрескер лирикалық қаһарман үшін «таудай жүкті» арқалау қиындығын бағамдасақ, екіншіде адамдарға артылған аманаттың «Қап тауынан» да ауыр екені назар аудартады. Үшіншіде жамандық кедергісі емес, жақсылық сауаптарының «таудан үлкен» болуы көңіл бөлгізсе, төртіншіде «асқар таудай» ауыр жүкті мойынға артпауға кеңес беру тұсында «тау» ұғымы осал еместігі көзге ұрады. Күрескерлерге айтылмаған істер көлемін анықтарлық «тау» көріктеуші де (бесіншіде) осы бір ұғымның көлемі де салмақты, үлкен екенін бөліп көрсету үшін алынған.

ӘДЕБИЕТ

1. *Хорезми*. Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. Алматы: Ғылым, 1986. 105-б.

2. *Жүсіп Баласағұн*. Құтты білік. Алматы: Жазушы, 1986. 177-б.

3. *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар: ЭКО, 2003. 1-т. 96, 101 163-бб; 2-т. 18-б.; 2004. 4-т. 263-б.

4. *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар: ЭКО, 2003. 1-т. 101-б; 2-т. 13-б.; 2004. 4-т. 264, 271-б. 1-том, 28, 231; 2-том, 13,19, 4-том, 138-б.

5. *Жүсіп Баласағұн*. Құтты білік, Алматы: Жазушы, 1986. 81-б.

6. *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар. ЭКО, 2003. 1-т. 14, 182-бб.; 2004. 4-т. 22, 132, 157, 210, 262-б.

7. *Жүсіп Баласағұн*. Құтадғу білік // Қазақ әдебиеті. 1986. №29. 18 июль. 4-б. Ауд. Ислам Бейсебаев.

8. *Қожа Ахмет Иассауи*. Диуани хикмет. Алматы: Мұраттас, 1993. 39-б.

9. *Хорезми*. Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. Алматы: Ғылым, 1986. 89-б.

10. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1985. 61-б.

11. Сонда. 79-б.

12. *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар: ЭКО, 2003. 1-т. 13-б., 2004. 4-т. 124, 193, 230-бб.

13. *Хасанов Б.* Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. Алматы: Мектеп, 1966. 79-б.

14. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982. 82-б.

15. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1985. 25, 59, 59, 126, 153, 164-бб.

16. *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар: ЭКО, 2003. 1-т. 22, 26-бб.; 2-т. 10-б., 4-т., 2004, 114, 133-б.